

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ**  
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ**  
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

---

**№ 2 (2023)**

**ПАВЛОДАР**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайгыров университета**

**Педагогическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания  
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области педагогики,  
психологии и методики преподавания

**Подписной индекс – 76137**

<https://doi.org/10.48081/LQYE2220>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Аубакирова Р. Ж.

*д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор*

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Антикеева С. К., *PhD доктор*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Мағауова А. С.,

*д.п.н., профессор*

Бекмағамбетова Р. К.,

*д.п.н., профессор*

Фоминых Н. Ю.,

*д.п.н., профессор (Российская Федерация)*

Снопкова Е. И.,

*к.п.н., профессор (Республика Беларусь)*

Костюнина А. А.,

*к.п.н., доцент (Республика Алтай)*

Оспанова Н. Н.,

*к.п.н., доцент*

Куанышева Б. Т.

*доктор PhD*

Омарова А. Р.,

*технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ, ЭТНОПЕДАГОГИКА  
И СРАВНИТЕЛЬНАЯ ПЕДАГОГИКА

МРНТИ 77.03.13

<https://doi.org/10.48081/WWFK9031>**\*О. Н. Назаркина<sup>1</sup>, Н. А. Соловьева<sup>2</sup>, Л. А. Трубицкая<sup>3</sup>,  
Д. С. Ташкеев<sup>4</sup>, Р. Ж. Ерофеева<sup>5</sup>**<sup>1,2,3</sup>Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.;<sup>4</sup>М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің  
Қазақстан филиалы,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.;<sup>5</sup>Торайғыров университеті,  
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.  
e-mail: \*Nazarkina\_o.n@mail.ru**ЖОО-ҒЫ ӘСКЕР АЛДЫ ЕР БАЛАЛАРЫНЫҢ  
ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ**

*Ғылыми мақала әскерге шақырылу алдындағы жастардың дене дайындығы деңгейін зерттеуге арналған. Зерттеу нысаны Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің I курс студенттері болып табылады. Зерттеу жұмысының бастапқы кезеңінде Қазақстан Республикасының әртүрлі жоғары оқу орындары студенттерінің дене дайындығы мәселесі бойынша қазақстандық авторлардың ғылыми мақалаларына талдау жасалды. Бұл мәселе өзекті, өйткені алынған нәтижелерді бағалау және талдау арқылы мұғалім жеке көзқарас пен ағзаның даму ерекшеліктерін ескере отырып, сабақтардағы физикалық белсенділікті түзетуге мүмкіндік алады.*

*Сонымен қатар мақалада ЖОО-дағы дене шынықтыру сабақтарында да, өз бетінше дайындықта да дене шынықтыруды арттыру бойынша практикалық ұсыныстар берілген. Жастардың дене дайындығы деңгейін арттыру – ЖОО дене тәрбиесінің негізгі міндеттерінің бірі. Зерттеуші – авторлар әзірлеген бақылау сынақтары бірінші курс ер балаларының дене дайындығы деңгейін*

*бағалауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті тестілерінің нормативтік мәндерімен салыстырылды. Әскер алды ер балаларының дене дайындығы деңгейін анықтау, алынған нәтижелерді бағалау және талдау оқытушылардың тәжірибелік сабақтарда физикалық жүктемені реттеуінде маңызы зор. Зерттеу нәтижесінде алынған көрсеткіштер білім алушылардың дене қасиеттерінің ерекшеліктері мен даму деңгейі мүмкіншіліктерін одан әрі дамыту жұмыстарының бағдарламасын құруда таптырмас ақпарат көзі болып табылады.*

*Кілтті сөздер: дене дайындығы, дене дайындығы көрсеткіштері, дене шынықтыру, бақылау тестілері, дене қасиеттері, күш қабілеттері.*

### **Кіріспе**

Қазақстан Республикасында әскерге шақырылу алдындағы жастардың денсаулығы мен дене дайындығы мәселесі көптен бері медицина қызметкерлерінің, мұғалімдердің, қоғам қайраткерлерінің, парламент мүшелері мен ел басшылығының назарын аударып келеді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің 2014 жылғы сынақтарында айқындалған жастардың дене дайындығы деңгейін анықтаудың қолданыстағы нормативтеріне қарамастан, ер балалардың дене дамуы қасиеттері көптеген бағыттар бойынша жетілдіруді талап етеді [1]. Дене дайындығы – бұл дене қасиеттерін тәрбиелеуге және дененің функционалдық мүмкіндіктерін дамытуға, жаттығулардың барлық аспектілерін жетілдіруге қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған педагогикалық үрдіс.

Ер азаматтардың дене шынықтыру дайындығының жоғары деңгейі еліміздің қауіпсіздігі үшін өте маңызды, себебі әскери қызметке шақырылған уақытта жауынгер атанатын қазақстандық жас жігіттер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қорғаныс жүйесінің негізгі буындарының бірін құрайды. Соның мысалы, 2022 жылғы қаңтар оқиғасы – ондағы жас курсанттар мен қатардағы жауынгерлердің, полиция қызметкерлерінің еліміздің егемендігі мен тұтастығын сақтап, ел азаматтарының қауіпсіздігін қорғауды тікелей міндеті деп санауы.

Жасөспірімдердің мақсатты дене дайындығы орта білім беру мекемелерінің (мектеп, лицей, гимназия) дене шынықтыру пәні сабақтарында, одан әрі типтік оқу бағдарламаларына сәйкес 1–2 курстарда аптасына 4 сағаттық көлемде еліміздің ЖОО мен орта кәсіби білім беру жүйесінде жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орындарында «Дене шынықтыру» пәні бойынша тәжірибелік сабақтар ең алдымен дене дайындығы деңгейін арттыруға және дене қасиеттерін дамытуға, одан әрі спорт түрлерінің әдіс-тәсілдерін меңгеру мен студенттерді бұқаралық спорттық жарыстарға дайындау және мамандық талаптарына сәйкес кәсіптік-қолданбалы дайындық дағдыларын меңгеру мен жетілдіруге бағытталған [2].

Бұқаралық ақпарат құралдары беттерінде қазақстандық жоғары оқу орындары студенттерінің дене дайындығы туралы зерттеулер өте аз. Бұл зерттеуімізге Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ студенттерінің дене дайындығының жай-күйі мәселесіне деген қызығушылық түрткі болды. 1 курс ер балаларының дене дайындығының деңгейі туралы ақпарат қолданылатын әдістердің кемшіліктері мен артықшылықтарын анықтауға, оқу процесін жоспарлауға неғұрлым бағытталған, мақсатты түрде қарауға, дене шынықтыру процесін жетілдірудің оңтайлы құралдары мен әдістерін таңдауға мүмкіндік береді.

### **Материалдар мен әдістер**

Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің бірнеше факультеттері бойынша негізгі бөлімнің бірінші курс ер балаларының дене дайындығы деңгейіне талдау жасау.

Зерттеу мақсатына жету үшін келесі міндеттер қойылды:

1 «Дене шынықтыру» пәні бойынша екінші семестрде кафедраның жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес анықталған сынақ тесттері негізінде 1 курс ер балаларының дене дайындығын тестілеу;

2 Бірінші курс ер балаларының дене дайындығы деңгейін анықтау;

3 Студенттердің дене дайындығы көрсеткіштеріне жас ерекшеліктеріне сәйкес Тұңғыш Президент сынамалары нормативтік мәндерімен салыстырмалы талдау жасау.

Нақтыланған зерттеу міндеттерін орындау үшін оқу үрдісінде дене шынықтырудың дәстүрлі зерттеу әдістері қолданылды:

- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу және талдау жасау;
- педагогикалық тестілеу;
- математикалық статистика әдістері.

Студенттердің дене дайындығының маңыздылығын шетелдік авторлардың еңбектері де (Ильнич В. И., 2010; Зайцева И. П., 2013; Дудкин В. В., 2014, т.б.), отандық мамандардың басылымдары да (Айзақов А. Д., 2010; Құлназаров А. А., 2014; Бишаева А. А., 2017) растайды. Студенттердің дене дайындығы, дененің шынықтырылуы – мықты дене және тән саулығының негізі. Ол ағзаның функционалдық мүмкіндіктерінің артуына, дененің

жалпы жұмысқа, еңбекке қабілеттілігіне, дене қасиеттерінің жақсаруына ықпал етеді [3].

Біздің зерттеу жұмысымыз 2021 жылдың желтоқсан айының соңында «Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» базасында «Дене шынықтыру» пәні бойынша тәжірибелік сабақтар аясында жүргізілді.

Зерттеуге үш факультеттің, яғни әлеуметтік ғылымдар, жаратылыстану ғылымдары және заң факультетінің медициналық тексеру және ауызша сауалнама нәтижелері бойынша негізгі оқу бөліміне жіберілген 18 жастағы 1-курстың 90 студенті қатысты.

Ер балалардың дене дайындығы деңгейінің көрсеткіштерін анықтау үшін біз келесідей сынақтарды қолдандық: кермеде тартылу, бір орыннан ұзындыққа секіру және 30 секундқа отырып тұру. Кермеде тартылу мен бір орыннан ұзындыққа секіру жалпы қабылданған әдістемеге сәйкес орындалды. 30 секундқа отырып тұру норматив сынағын орындау кезінде сынақ тапсырушы аяқтарын алшағырақ қойып, бір орнында тұрған қалыпта белгі бойынша тапсырманы орындауға кірісті. Отыру кезінде – қолдар алға бағытталып, бастапқы қалыпта – қолдар төмен орналасуы керек. Минутына дұрыс орындалған отырып тұру саны есептелді.

Педагогикалық тестілеу барысында алынған мәліметтер математикалық өңдеуге алынды, яғни,  $X_{ср}$  – топтағы көрсеткіштің орташа арифметикалық мәні,  $m$  – орташа арифметикалық шаманың стандартты қателігі,  $N$  – іріктеу деректерінің жалпы саны [4].

Дене дайындығын бағалау үшін біз кафедра әзірлеген ер балаларға арналған аралық бақылау (P2) және қорытынды бақылау норматив түрлеріне сүйендік. Аралық бақылау тесті де, қорытынды бақылау нәтижелері де 100 балдық шкала бойынша бағаланды. 100 балл – оқытудың кредиттік технологиясының балдық-рейтингтік жүйесіндегі ең жоғарғы балл.

Студенттердің дене дайындығын бағалау үшін біз университеттегі балдық-рейтингтік жүйемен қатар әрбір студенттің дене дайындығының деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін бағалау шкаласы құрылымын жасадық [5]. Бағалаудың түсініктемесі 1 кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Дене дайындығы деңгейін бағалау құрылымы (ер балалар)

Жасы 18–23	Дене дайындығы деңгейі					Деңгейін бағалау
	Жоғары	Ортадан жоғары	Орташа	Ортадан төмен	Төмен	Сапалы
	95–100	90–94	80–89	70–79	50–69	баллдық

1 курс ер балаларының бақылау формалары бойынша әзірленген бағалау деңгейлері негізінде әрбір жеке тест бойынша дене дайындығы деңгейлерін бағалауды анықтадық (2 кесте).

Кесте 2 – Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ бірінші курс студенттерінің дене дайындығын бағалау

Жоғары	Ортадан жоғары	Орташа	Ортадан төмен	Төмен
30 сек. отырып тұру саны				
28–30 рет	26–27 рет	22–25 рет	18–21 рет	10–17 рет
Тартылу				
12–13 рет	11 рет	9–10 рет	7–8 рет	3–6 рет
Тұрған орнынан ұзындыққа секіру				
225–230 см	220 см	210–219 см	200–209 см	180–199 см

Сонымен қатар, жұмыс барысында алынған бақылау сынақтарының көрсеткіштері Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті 18–23 жас аралығына сәйкес 4-кезеңге арналған тестілерінің дене дайындығы нормативтерінің нәтижелерімен салыстырылды.

Кермеде тартылу нормативтерінің мәндері келесідей:

- президенттік дайындық деңгейі – 17 рет;
- ұлттық дайындық деңгейі – 14 рет;
- дайындықтың бастапқы деңгейі – 11 рет.

Тұрған орнынан ұзындыққа секірудің нормативтік мәндері келесідей:

- президенттік дайындық деңгейі – 260 см;
- ұлттық дайындық деңгейі – 245 см;
- дайындықтың бастапқы деңгейі – 220 см.

30 секундқа отырып тұру сынағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің сынақтарында жоқ.

#### **Нәтижелер мен талқылау**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің үш факультеті бойынша бірінші курс студенттерін тестілеу нәтижелері Кесте 3-те көрсетілген.

Бірінші курс ер балаларының дене дайындығының деңгейін бағалау үш педагогикалық тест арқылы анықталды және Кесте 4-те ұсынылды.

Кесте 3 – Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті бірінші курс студенттерінің дене дайындығы деңгейі (N=85)

Педагогикалық тестілеу	Дене дайындығының көрсеткіштері (Хср үм)
30 сек отырып тұру (рет саны)	32±0,26

Тартылу (рет саны)	9±0,28
Тұрған орнынан ұзындыққа секіру (см)	213±1,5

Кесте 4 – Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бірінші курс студенттерінің дене дайындығы деңгейі бағалау (%)

Тест	Дене дайындығы деңгейі және пайыздық (%) көрсеткіштері				
	Жоғары	Ортадан жоғары	Орта	Ортадан төмен	Төмен
30 сек отырып тұру (рет саны)	99	1	–	–	–
Тартылу (рет саны)	41	6	22	13	18
Тұрған орнынан ұзындыққа секіру (см)	45	24	12	6	13

Алынған нәтижелерді саралай келе, студенттердің 99 пайызы «30 секунд отырып тұру» тест сынағы бойынша жоғары деңгейді берсе, тек 1 % ортадан төмен деңгейін беріп отыр. Бұл алынған пайыздық көрсеткіштер негізінде студенттердің берілген сынақ бойынша өте жоғары деңгейдегі дене дайындықтарын көрсеткендігін анықтауға болады.

Тартылу нәтижелерін қарастырған кезде 41 % жоғары дене дайындығын, 6 % ортадан жоғары, 22 % орташа, ал қалған студенттердің (30 %) дене дайындығы төмен деңгейде екені анықталды.

Тұрған орнынан ұзындыққа секіру нәтижелері айтарлықтай жоғары көрсеткіштермен сипатталды: 45 % дене дайындығы жоғары, 24 % – ортадан төмен, 12 % – орта.

Зерттеу нәтижелерінен алынған көрсеткіштерді Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті тестілерінің нормативті мәндерімен салыстыра отырып, бірінші курс студенттерінің 8 %-ы ғана тартылу сынағы бойынша ұлттық дайындық деңгейінде, 39 % бастапқы дайындық деңгейінде, ал қалған студенттер бұл бағалауға түспейтіндері анықталып отыр.

Тұрған орнынан ұзындыққа секіру тестінде студенттердің 69 %-ы бастапқы дайындық деңгейінің нәтижелерін көрсетсе, сәйкесінше 31 %-ы осы деңгейден төмен көрсеткіштерге ие.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, зерттеуші авторлардың ер балалардың дене дайындығы деңгейін бағалау құрылымына сәйкес 2021 жылы Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бірінші курсына оқуға қабылданған студенттердің дене дайындығын диагностикалау және бағалау нәтижелері жас ер жігіттердің басым бөлігінің дене дайындығы «ортадан» «жоғары» деңгейге өту кезеңінде екені анықталып отыр. Алайда, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Сынақтарының



нормативтік мәндерімен алынған нәтижелерді салыстырмалы талдау жасай келе студенттердің дене дайындығы дамытуды қажет ететіндігі байқалды. Сынақтардың жеке көрсеткіштері дайындықтың бастапқы деңгейіне ғана сәйкес келеді, бұл студенттердің әлсіз дене дайындығын көрсетеді.

Тартылуда жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін практикалық жаттығу сабақтарына гантельдерді, экспандерлерді, резеңке таспаларды, фитнес-резеңке, жаттығу құрылғыларын қолданып, қол және иық белдемелері бұлшықеттерінің күшін дамытуға арналған жаттығулар кешенін қосуды, сондай-ақ, аптасына 2–3 рет жүйелі түрде, сабақтан тыс өздік жұмысы ретінде осындай жаттығулар кешенін орындауды ұсынамыз.

### ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Приказ И. О. Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 21 ноября 2014 года № 103. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 22 декабря 2014 года № 9988 «Об утверждении Правил проведения тестов Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы». [Электронный ресурс]. – URL : <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1400009988> (дата обращения 13.04.2022).

2 Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 31 октября 2018 года № 603 «Об утверждении типовых учебных программ цикла общеобразовательных дисциплин для организаций высшего и (или) послевузовского образования». [Электронный ресурс]. – URL : <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017651> (дата обращения 13.04.2022).

3 Физическая культура студента: учебник [Текст] / Под ред. В. И. Ильинича. – М. : Гардарики, 2000. – 448 с.

4 **Капилевич, Л. В.** Научные исследования в физической культуре : учебное пособие [Текст] / Л. В. Капилевич. – Томск : Томск, 2012. – 144 с.

5 **Куренцов, В. А., Зюрин, Э. А., Видро, Е. М.** Исследование динамики физической подготовленности студентов среднего профессионального образования как критерия, определяющего готовность к выполнению нормативных требований ВФСК ГТО [Текст] // Вестник спортивной науки. – 2017. – № 1. – С. 46–53.

6 Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана «Повышение благосостояния граждан Казахстана – главная цель государственной политики», г. Астана, 7 февраля 2008 года. [Электронный ресурс]. – URL : <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K080002008> (дата обращения 13.04.2022).

7 Указ Президента Республики Казахстан от 11 января 2016 года № 168 «Об утверждении Концепции развития физической культуры и спорта Республики Казахстан до 2025 года». [Электронный ресурс]. – URL : <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000168> (Дата обращения 13.04.2022).

8 Закон Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 228-V ЗРК. «О физической культуре и спорте». [Электронный ресурс]. – URL : <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000228#z315> (Дата обращения 13.04.2022).

9 **Адамбеков, К. И., Кульназаров, А. К., Касымбекова, С. И.** Формирование основ физической культуры учащейся молодежи : монография [Текст]. – Алматы, 2004. – 128 с.

10 **Бишаева, А. А.** Физическая культура: учебник для студ. учреждений сред. проф. образования [Текст] / А. А. Бишаева. – 2-е изд., стер. – М. : Академия, 2017. – 320 с.

## REFERENCES

1 Prikaz I.o. ministra kultury i sporta respubliky kazakhstan ot 21 noyabrya 2014 goda №103 zaregistririvan v ministerstve yusticii Respubliki Kazahstan 22 dekabrya 2014 goda № 9988 «Ob utverzhdennii pravil provedeniya testov pervogo prezidenta Respubliki Kazahstan – Elbasy». [On approval of the Rules for conducting tests of the First President of the Republic of Kazakhstan – Elbasy]. [Electronic resource]. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1400009988> (Date of application 13.04.2022).

2 Prikaz Ministra obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan ot 31 oktyabrya 2018 goda № 603 «Ob utverzhdennii tipovykh uchebnykh program tsikla obshcheobrazovatelnykh discipline dlya organizatsiy vysshego ili poslevuzovskogo obrazovaniya». [On approval of standard curricula of the cycle of general education disciplines for organizations of higher and (or) postgraduate education]. [Electronic resource] – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017651> (Date of application 13.04.2022).

3 Fizicheskaya kultura studenta [Physical education of the student] : uchebnik [Tekst] / pod red. V. I. Ilinicha. – M. : Gardariki, 2000. – 448 p.

4 **Kapilevich, L. V.** Nauchny`e issledovaniya v fizicheskoy kul`ture [Scientific research in physical culture] : uchebnoe posobie [Tekst] / L. V. Kapilevich. – Tomsk : Tomsk, 2012. – 144 p.

5 **Kurenczov, V. A., Zyurin, E` . A., Vidro, E. M.** Issledovanie dinamiki fizicheskoy podgotovlennosti studentov srednego professional`nogo obrazovaniya kak kriteriya, opredelyayushhego gotovnost` k vy`polneniyu normativny`kh trebovanij VFSK GTO [The study of the dynamics of physical fitness of students

of secondary vocational education as a criterion determining readiness to meet the regulatory requirements of tests] [Текст] // Bulletin of Sports Science. – 2017. – № 1. – P. 46–53.

6 Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan narodu Kazakhstanana «Povy`shenie blagosostoyaniya grazhdan Kazakhstanana – glavnaya czel` gosudarstvennoj politiki» [Improving the welfare of citizens of Kazakhstan is the main goal of state policy], g. Astana, 7 fevralya 2008 goda. [Electronic resource]. – URL : [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K080002008\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K080002008_) [date of application 13.04.2022].

7 Ukaz Prezidenta Respubliki Kazakhstan ot 11 yanvarya 2016 goda № 168 «Ob utverzhdenii Konceptcii razvitiya fizicheskoy kul`tury` i sporta Respubliki Kazakhstan do 2025 goda» [On approval of the Concept of development of physical culture and sports of the Republic of Kazakhstan until 2025]. [Electronic resource]. – URL : <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000168> [date of application 13.04.2022].

8 Zakon Respubliki Kazakhstan ot 3 iyulya 2014 goda № 228-V ZRK. «O fizicheskoy kul`ture i sporte» [About physical culture and sports]. [Electronic resource]. – URL : <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000228#z315> [date of application 13.04.2022].

9 **Adambekov, K. I., Kul`nazarov, A. K., Kasy`mbekova, S. I.** For mirovanie osnov fizicheskoy kul`tury` uchashhejsya molodezhi : monografiya [Formation of the basics of physical culture of students : monograph] [Текст]. – Almaty`, 2004. – 128 p.

10 **Bishaeva, A. A.** Fizicheskaya kul`tura [Physical Culture] : uchebnik dlya stud. uchrezhdenij sred. prof. obrazovaniya [Текст] / A. A. Bishaeva. – 2-e izd., ster. – M. : Akademiya, 2017. – 320 p.

Материал 24.05.23 баспаға түсті.

\**О. Н. Назаркина<sup>1</sup>, Н. А. Соловьева<sup>2</sup>, Л. А. Трубицкая<sup>3</sup>, Д. С. Ташкеев<sup>4</sup>, Р. Ж. Ерофеева<sup>5</sup>*

<sup>1,2,3</sup>Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана;

<sup>4</sup>Казахстанский филиал Московского государственного университета имени М. В. Ломоносова, Республика Казахстан, г. Астана;

<sup>5</sup>Торайғыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар.

Матриал поступил в редакцию 24.05.23.

## **ОПРЕДЕЛЕНИЕ УРОВНЯ ФИЗИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВЛЕННОСТИ МАЛЬЧИКОВ-СТУДЕНТОВ ПЕРЕД ПРИЗЫВОМ НА ВОЕННУЮ СЛУЖБУ**

*Научная статья посвящена изучению уровня физической подготовленности молодежи перед призывом на военную службу. Объектом исследования являются студенты 1 курса Евразийского национального университета имени Л. Н. Гумилева. На начальном этапе исследовательской работы были проанализированы научные статьи казахстанских авторов по проблеме физической подготовленности студентов различных высших учебных заведений Республики Казахстан. Данная проблема актуальна, так как, оценивая и анализируя полученные результаты, преподаватель имеет возможность корректировать двигательную активность на занятиях с учетом индивидуального настроения и особенностей развития организма. Кроме того, в статье даны практические рекомендации по повышению физической подготовленности как на занятиях по физической культуре в вузах, так и при самостоятельных тренировках.*

*Повышение уровня физической подготовленности молодежи является одной из основных задач физического воспитания вузов. Разработанные авторами-исследователями контрольные тесты позволяют оценить уровень физической подготовленности студентов-первокурсников. Полученные результаты сравнивались с нормативными значениями испытаний Первого Президента Республики Казахстан. Определение уровня физической подготовленности юношей допризывного возраста, оценка и анализ полученных результатов имеют большое значение при регулировании физической нагрузки педагогов на практических занятиях. Показатели, полученные в результате исследования, являются незаменимым источником информации при создании программы дальнейшего развития особенностей физических характеристик и уровня развития студентов.*

*Ключевые слова: физическая подготовленность, показатели физической подготовленности, физическая подготовка, контрольные испытания, физические качества, силовые способности.*

\*O. N. Nazarkina<sup>1</sup>, N. A. Soloviyeva<sup>2</sup>, L. A. Trubitskaya<sup>3</sup>, D. S. Tashkeev<sup>4</sup>, R. Zh. Yerofeyeva<sup>5</sup>

<sup>1,2,3</sup>L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Astana;

<sup>4</sup>Kazakhstan Branch of Lomonosov Moscow State University,

Republic of Kazakhstan, Astana;

<sup>5</sup>Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 24.05.23.

## **DETERMINING THE LEVEL OF PHYSICAL FITNESS OF STUDENT BOYS BEFORE CALLING FOR MILITARY SERVICE**

*The scientific article is devoted to the study of the level of physical fitness of young people before military service. The object of research is 1st-year students of L. N. Gumilev Eurasian National University. At the initial stage of the research work, scientific articles of Kazakh authors on the issue of physical fitness of students of various higher educational institutions of the Republic of Kazakhstan were analyzed. This problem is relevant, because by evaluating and analyzing the obtained results, the teacher will have the opportunity to adjust the physical activity in the classes, taking into account the individual attitude and the characteristics of the body's development. In addition, the article provides practical recommendations for increasing physical fitness both in physical education classes at universities and in independent training.*

*Increasing the level of physical fitness of young people is one of the main tasks of physical education of universities. Control tests developed by the researcher-authors make it possible to assess the level of physical fitness of first-year boys. The obtained results were compared with the normative values of the tests of the First President of the Republic of Kazakhstan. Determining the level of physical fitness of pre-military boys, evaluating and analyzing the obtained results are of great importance in regulating the physical load of teachers in practice classes. The indicators obtained as a result of the research are an indispensable source of information in creating a program of further development of the features of physical characteristics and development level of students.*

*Keywords: physical fitness, indicators of physical fitness, physical training, control tests, physical properties, strength abilities.*

Теруге 24.05.2023 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

7,53 Мб RAM

Шартты баспа табағы 24,7.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исақова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4083

Сдано в набор 24.05.2023 г. Подписано в печать 30.06.2023 г.

Электронное издание

7,53Мб RAM

Усл.п.л. 24,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исақова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4083

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik-pedagogic.tou.edu.kz